

«Алпамыс» бөбекжайы КМҚК

(Педагогтерге арналған шебер-сынып)

«Экологиялық ертегілер әлемінде»

Тәрбиеші: Жумабаева Г.Б

Құрметті әріптестер, бүгінгі шебер-сынып «Экологиялық ертегілер әлемінде» тақырыбында болмақ.

Экранға назар аударайық:

1 слайд

Залмен ойын:

1-ші суреттен не көріп тұрсыздар? (Экология)

2-ші суреттен? (Ертегілер)

Осы екі сөзді қоссақ қандай сөйлем шығады? (Экологиялық ертегілер)

Балабақшадағы экологиялық тәрбиенің басты міндеті-баланы табиғатқа қамқорлықпен қарауға үйрету, табиғат байлығын ұқыпты пайдалану, табиғатты қорғаушыларды тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларда тірі табиғат туралы ертегі идеялары басым, сондықтан экологиялық мәдениетін қалыптастыруда экологиялық ертегінің рөлі ерекше. Әдебиеттерді оқу, серуендеудегі бақылаулар, экологиялық көріністерді ойнау адам мен табиғаттың бірлігі туралы алғашқы ұғымдардың қалыптасуына ықпал етеді, шығармашылық қиялды дамытуға көмектеседі, бала айналасындағы әлемді жақсы түсінуге үйренеді.

Мен өзімнің шеберлік сыныбымда балаларды экологиялық ертегілер арқылы қарапайым экологиялық түсініктерді қалыптастыру технологиясымен таныстыруға тырысамын.

Ал сіз ертегілерді жақсы көресіз бе? Барлық балалар ертегілерді өте жақсы көреді, қалай ойлайсыздар не үшін? Ертегі баланы қиял әлеміне тартады. Экологиялық ертегі - балаларды экологиялық тәрбиелеу жұмысында жеке форма бола алады және экологиялық сабақтарға, тәжірибелік-эксперименттік іс-шараларға, әңгімелесуге, бақылауларға, театрландырылған іс-шараларға енуі мүмкін.

2 слайд

Экологиялық ертегімен жұмыс істеудің әртүрлі әдістері бар:

* Ертегілерді оқу.

* Жаңа ертегілерді құрастыру немесе бұрыннан бар ертегілерді толықтыру.

* Ертегілерді театрландыру.

* Ертегілердегі қателерді түзету.

3 слайд

Экологиялық ертегімен жұмыс істеудің бірнеше түрлерімен жұмыс жасап көрейік, ол үшін екі топқа бөлінейік. 1 топ **Жауқазын**, 2 топ **Қызғалдақ**

4 слайд

Экранға назар аударайық, әріптестер. Сіздерге мынадай викториналық сұрақтар ұсынғым келіп тұр.

1. Қандай құс Түймеқызға жылы жаққа жетуіне көмектесті?
2. Бұлақтан су ішкен Иванушка кімге айналды?
3. Мақта қыздағы мысық бидайды кімнен алды?

4. Қарлығаштың құйрығы неге айыр ертегісінде патша Шіркей мен Масаға қандай тапсырма берді?
5. Күлшеқыздың каретасы неден жасалған еді?
6. Бремен музыкаттарының арасында не болмады?
7. Кімнің арқасында шалқанды тартып шығарды?

5 слайд

Біз бәріміз кішкентай кезімізден қазақ халық ертегілерін тыңдап өстік, ертегілерді жақсы білеміз, қане, өзімізді сынап көрелік.

Ертегілерден үзінді оқимын.

Жауқазын тобына

1. Жетеріне жеткен кезде, Күн еңкейіп шөккен кезде,
Сүрінді алып әлденеден, Кетті құлап, тұра алмады,
Қайта қару қыла алмады. «Апа», - деді жалғыз ғана,
Тау да басып шөге берді, Апасы жас төге берді,
Отаны үшін өлді бала" –

Қызғалдақ

2. Өрмек тоқып отырған кемпір: «Алдағана көк шешек-ай! Өрмегімді үзіп кеттің-ау! Ертеден қара кешке бүйтіп, жар қуалап, торғай атқанша, тентіреп жүрген сегіз ағанды тауып алсаң болмай ма?» – деп қарғап сілейді. **Ер төстік**

Жауқазын тобына

3. Аспанға лақтырсам, аспан жерге айналып түседі ау деп, жерге қақпай түсірсем, жер ортасынан ойылып түсе ме деп қауіп қылып тұрмын дейді. **Қаңбақ шал**

Қызғалдақ

4. Бәйбіше ұршықты, қызы тігіліп жатқан көйлекті, тоқалы көсеуді қолдарына алып отырыса қалады. Түк білмегенсіп, қолдарындағы іспен болып отырғансып, жайбарақат бола қалады. **Алдар көсе мен қу жауырын**

6 слайд

Барлық халық ертегілерін экологиялық деп атауға болады. Бірақ экологиялық ертегіні өзіңізде ойлап табуға болады. Экранда көріп тұрғандарыңыздай балалар ертегіні ойдан шығарып, оны кинезиологиялық жаттығу арқылы көрсетті. Сіздерге тапсырма ертегіні ойдан шығарып, «Жауқазын» тобы оны сурет арқылы баяндаса, келесі «Қызғалдақ» тобы кинезиологиялық жаттығу элементтерін қосып баяндап көрейік.

7 слайд

Қызғалдақ

Әріптестер келесі тапсырма **«Қателерді түзету»**

Балаларға қателерді түзету сияқты ертегімен, әңгімемен жұмыс істеу қызықты. Балалар ертегілерді тыңдап, дәлсіздіктер іздейді. Бұл тәсіл балаларда табиғи кешендегі себеп-салдарлық байланыстар туралы түсінік қалыптастырады.

Сіздерге тапсырма «Толағай» ертегісінен алынған үзіндіде кейбір сөздер өзгертілген. Сіздер соның түпнұсқасын табуларыңыз керек.

«Жауқазын» тобына

Бұрынғы өткен заманда апайтөс Арқаның бел ортасында бір қауымды жұрт өмір сүріпті. Жағалары жайлауда, жандары рахатта тамаша ғұмыр кешіпті. Шұрайлы жерден қоныс алған, малға да, жанға да бай **орындық** тұрғындарының «Бізде барлығы да бар. Тек сол мал-жанды қорғайтын батырымыз болса екен», - деген бір ғана арманы болыпты.

Күндердің күнінде бір отбасында алтын айдарлы алып бала дүниеге келіп, ел-жұрты үлкен той жасайды. Сол бала жыл санап емес, **ақша** санап ержете бастайды. Туған-туысқандары да көркейіп келе жатқан баланы өз атымен атамай, көз тимесін деп, Толағай атап кетеді.

Күндердің бір күнінде жерге бір тамшы **жас** жаумай, қуаңшылық тартып, ел күйзеліске ұшырайды. Халықтың басына түскен мұндай ауыртпалық Толағайды да қатты мазалапты. Сонан соң Толағай Дана деген қарт ақсақалға барып ақыл сұрапты.

Сонда қарт: «Қарағым, Толағай, біздің жеріміз жазық, бұлт үйіріліп тоқтайтын тауы жоқ. **Бұршақтың** болмауы сол себептен», - дейді. Бұған Толағай: «Ата, сіз рұқсат етсеңіз, мен барып бір жерден тауды арқалап алып келсем болмай ма?» - деп тіл қатады.

«Қызғалдақ» тобына

Сонда қарт: «Шырағым, Толағай, еліңді ойлап егіліп тұрсың-ау! **Өзен** арқалап әкелу оңай болмас, дегенмен, ондай талабың болса, оңтүстік **қалада** Алатау деп аталатын алып таулардың ақсақалы бар. Рұқсатты сонан сұрайсың», - деп батасын береді.

Сөйтіп, Толағай сапарға шығып, арада ай, жыл өткенде ақ басты **Қаратауға** жетіпті. Ақсақалға «Ассалаумағалейкум!» деп сәлем беріп, өзінің талап-тілегін айтыпты. Маңғаз Алатау талапты ерге зор қошемет көрсетіп, етегінде орналасқан бала тауды Толағайға арқалатып қоя береді. Ол алғашқыда аяғын ширақ басқанымен, иығына түскен салмақ еңсесін езіп, бірте-бірте әлсірете бастайды. Арада көп уақыт өтеді. Арқасында тау, әлсіреген, қансыраған Толағай елінің шетіне іліге бере, тізесі бүгіліп құлап түседі де ұйқыға кетеді. Арқалаған тауы батыр жігіттің үстінен басып қалыпты. Сонан бері Толағай батыр күні бүгінге дейін **аяқ** астында ұйықтап жатыр екен, ал тау Толағай деп аталып кетіпті.

8 слайд

Келесі тапсырмамыз «Музыкалық колейдоскоп» -деп аталады.

Сізге Антонио Вивальдидің "Жыл мезгілдері" атты төрт концертінің үзінділері ұсынылады. Сіз қай үзінді Абайдың жылдың төрт мезгіліне арнап жазған қай өлеңіне сәйкес келетінін анықтауыңыз керек.

Әріптестер сіздерге көп рахмет, сіздермен жұмыс жасаған мен үшін өте қызықты, әсерлі болды. Қорыта келе сіздердің әрқайсыңыз өздеріңізге жаңа бір

пайдалы мағлұмат алдыңыздар, жеке және кәсіби қызметіңіздегі мәселелерді шешу жолдарын көрдіңіздер, және бала тәрбиесіндегі экологиялық ертегілердің маңыздылығын сезіндіңіздер деп үміттенемін.